



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛИЦЕНЗИЯЛАУДЫ ҚАЙТА ЕНГІЗУ САПАНЫ КӨТЕРМЕЙДІ



Қазақстанның үздіксіз білім беру қауымдас­тығы Білім және ғылым министрлі­гінің мектеп­ке дейінгі ұйымдардың қызметіне лицензиялау енгізу туралы ұсынысын орынсыз деп санайды. Алматы­да арнайы баспасөз брифингін өткізген қауымдастық өкілдерінің айтуынша, кәсіпкерлер­де дәлелді негіздемелер бар. Олар 12 жыл­дан астам уақыт ішінде қауымдас­тықтағы 2 817 бала­бақшаның жұмыс тәжірибесіне негізделе отырып әзір­ленді.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Дос­мұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Бай­қауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифппен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Мате­риалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай кел­мейтін шығармалар қазылар назарына ұсы­нылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқыр­манның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде бел­гіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!



КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қазақ қай заманнан бері ақиқатын айтатын, елге сөзі өтімді тұлғаларды дау-шардың ақ-қарасын айтсын деп қазы сайлап, «би» деп айдар таққан. Өділдігімен елдің аузында жүрген, дала заңының сақталып, көшпенділер мәдениетінің салтанат құруы жолында қара қылды қақ жарған билердің қызметін осы күндері соттардың атқарып жүргені белгілі. Бабалар салған сара жолға қарар болсақ, билер тек қана дауды шешуші емес, халықты түзу жолға бастайтын дұрыс адам, ел ішіндегі аса маңызды шаруаларды шешуде ақылшы, ұрпаққа жол көрсететін тәрбиеші болған. Сондықтан болар, «Ел болам десең бесіңді түзе» деген керемет нақылды ұстанған менің ойым да, айтар сөзім де ұрпақ тәрбиесіне, отбасының құндылығына ауа береді.

Көштен қалмайық деп жаһандандудың керегін де, керек емесін де үстімізге жамай берген қазіргі қоғамда кейбір жандар үшін отбасының, бала тәрбиесінің маңыздылығы қалмағанын айтып та, жазып та жүрміз. Шырылдайтын себеп те бар. Соттар ешқашан некені бұзуға асықпайды. Арыз түскен күннен бастап шешім шыққанға дейін, тіпті, шешім заңды күшіне еніп, орындалуға кеткенге дейін тек қана бітімге келуді, отбасын сақтауды ғана сөз етеміз. Оған бірі құлақ асса, бірі қырын қарайды.

Осы күндері көңіліме кірбің салған жайттар орын алып жүр. Оның бірі – әке құқығынан айыру туралы арыздардың сотта қаралуы. Ажырасып, баланы көрсетпегені былай тұрсын, енді әкені бала

өмірінен біржола аластату деген өте күрделі мәселе. Осындай істің бірі облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасында қаралды. Бірінші саты сотымен талап қанағаттандырылмаған.

Талап қоюға және құжатқа қарағанда, бала туған кезде ерлі-зайыптылар ажырасқан. Содан бері әкесі баланы 5 жылға жуық уақыт көрмеген. Алимент өндіру туралы сот актісі де бар. Уақытында төленбегендіктен қарызы да қордаланған. Бар мәселе осы алименттің уақытында төленбегендігінде болып тұр.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 75-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасына сай, егер ата-аналар ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден



қасақана жалтарса ата-ана құқықтарынан айырылатыны көзделген.

(Соңы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ТУМЫСЫ БӨЛЕК ТҮЛҒА

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға 1992 жылы 24 маусымда сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Сондықтан, бұл маңызды күн «Судья және сот қызметкерлерінің күні» болып белгіленді. Мұндай мерейлі мерекедегі мақаламыз «Судьялар күні» болашақта болатынына сеніп, үнемі айтып жүретін, бірақ сол мерейлі сәтке жете алмай қалған сот ардагері Жалғас Садықов туралы болмақ. Өзінің өмір жолында көптеген жақсы басшылар кезікті. Алайда, сот саласында менің қалыптасуыма үлкен ықпал жасаған адамның бірі осы – Жалғас СӘҢКІБАЙҰЛЫ.

(Соңы 4-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

БАЛА – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда жауапкердің сөзіне қарағанда, жақында әскери борышын өтеп келген, келгелі баласын бірнеше рет іздеп барған. Сонымен қатар, бала әлі өзін дұрыс танымайды, ал бұл баласының өзін әкесі ретінде танып өскенін қалайды, алдағы уақытта алимент төлейтінін де алға тартып отыр.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29 қараша 2018 жылғы №15 «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 13-тармағына сай, ата-ана құқықтарынан айыру ең соңғы шара болып табылады. Жауапкердің «Берешек туралы қаулыға сай көлемді берешегі жиналып тұрғаны» туралы уәждері сот шешімін бұзып-өзгертуге негіз бермейді. Сот отырысы барысында талап қоюшының басқа отбасы бар екені, бала бүгінгі күні ата-әжесінің қарауында екені белгілі болды. Сондықтан, дәл осы жағдайда жауапкердің әкелік құқығынан айыру үшін алиментке қарызы бары негіз болып табылмайды.



Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

Бұл жердегі мәселе біреу ғана. Бала үшін өз ата-анасынан жақын ешкім жоқ. Баланың ата-анасын сыйлап өсуі оның жақсы азамат болуына ықпал етуі мүмкін.

БАҒЫТ

ЖАЗАНЫ БЕЛГІЛЕУ КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Жеке адамның құқығына қатысты қылмыстар әрқашан қоғамның жіті назарында. Бұл қылмыстың жалпы қоғам үшін жоғары қауіптілігіне байланысты болса керек. Соның ішінде адам өліміне қатысты қылмыс жеке тұлғаға қарсы жасалған қылмыстың ішіндегі ең қауіптісі.



Мартпек КАКИМЖАНОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Адами құндылық, ізгілік тұрғысынан алғанда кез келген тұлғаның өмір сүруге құқығы бар. Оған ешкімнің қол сұғуға, кедергі келтіруге, мүддесін таптауға қақысы жоқ. Бұл еліміздің Ата Заңында да нақты көрсетілген. Конституцияның 15-бабында: «Өркімнің өмір сүруге құқығы бар» дей келе: «Ешкімнің өз бетінше адам өмірін киноға хақысы жоқ» екені тайға таңба басқандай дәйектелген. Мұндай әрекет үшін еліміздің заң нормаларына сай жауаптылық қарастырылып, жаза белгіленген. Себебі, өлімнің орын алуы Конституцияға кепілдік берілген әр адамның өмір сүру құқығын бұзу болып табылады.

Мұндай қылмысқа тағайындалатын жаза Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көрініс тапқан. Жазаланушылық құқық бұзушылықтың объективті белгісіне жататындықтан, кез келген тұлғаға қатысты құқық бұзушылық жасағаны үшін заңды жауапкершілік қарастырылуы керек. Заң жүзіндегі жауапкершілік – бұл күрделі әлеуметтік процесс. Қылмыстық кодекстегі бірінші тарау Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп аталады. Ондағы 99-бап «Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қа-

сақана қазаға ұшыратуға» байланысты әрекет үшін нақты жаза белгілейді. Жеке адамға қарсы қылмыстар кек қайтару, ұрыс-керіс, орын алған басқа қылмыстың іздерін жасыру негізінде жасалады. Сондай-ақ, жеке адамға қатысты аса қатыгездікпен жасалған қылмыстардың да саны аз емес. Заңнамаға сәйкес қылмыстың қалай, қандай ниетпен жасалғанына, қылмыскердің жасына, санына, әрекетіне қарай берілетін жаза да әртүрлі.

Ең бастысы, бұл баптың өзі ағаттық жасаған адамды жазалау арқылы түзеуді ғана емес, мейлінше тәрбиелеуді, қоғамға бейімдеуді мақсат етеді. Қылмыскерлерге жаза тағайындау арқылы бұл өршіген мәселені бірден тоқтату мүмкін емес. Жалпы біздің елімізде заңдарды ізгілендіру, азаматтардың өз қателігінен сабақ алуына жағдай туғызу принципін басты орында тұр. Соның нәтижесінде Қазақстан өлім жазасынан бастартқан мемлекеттердің бірі саналады. Осының бәрі қоғамда қылмыстың алдын алып, түзеу мекемесіндегі сотталушылар санын азайту үшін жасалды. Бұл бағытта мемлекеттік құзырлы органдардың үнемі қылмыстардың алдын алу мақсатында тұрмысына нашар отбасылармен, маскүнемдермен және тұрмыстық жағдайдың нашарлығына төзе алмай жүрген тұлғалармен әлеуметтік, оналту, моральдық тұрғыдан жұмыстар жүргізуі кезек күттірмейді.

Дегенмен, қылмыстың салдары туралы үнемі айтылып, жазылып, ескертіліп жүргенімен, қоғамда қылмыстық деңгейі төмендеп кетті дей алмаймыз. Соңғы жылдары мұндай ауыр қылмыстардың нәзік жандылар қолымен жасалуы, мұндай қатгез әрекетке жастардың да баратыны ойландырмай қоймайды. Сондықтан, заңға және құқыққа құрметпен қарауға тәрбиелеу, құқықтық сауатты көтеру кейбір теріс әрекеттердің орын алуына тосқауыл қоюының қаперде ұстауымыз керек. Қылмыстық әрекеттердің алдын алуға бағытталған шаралардың іске асырылуы, заң жүзіндегі жауапкершілік пен құқықтық тәртіпті дәріптеу, азаматтарды құқықты құрметтеу рухында тәрбиелеу барлық мемлекеттік мекемелер, құқық қорғау органдарының жұмыла күш жұмсауымен тұрақты жүргізілгені жөн.

МІНБЕР

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, қазақ халқының ең асыл мұраты орындалды. Бұл мереке – шын мәніндегі ұлы мереке. Ежелден еркіндік аңсаған әр қазақтың арманы еңселі ел болу еді. Елім деп еңіреген ақындарымыз «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп жырлап, батырларымыз айлап ат үстінде ұйықтап, ауыздықпен су ішіп, жерін қорғауы тегін бе? Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде халқымыздың бостандығы жолында екі жүзден астам ұлт-азаттық көтеріліске шыққаны осының дәлелі.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЙҚЫН КЕЛБЕТІ

Мемлекеттік билікті қалыптастыру кезеңінде маңызды орынды сот төрелігі алды. Сот билігі қоғамдағы қарым-қатынастардың әділдігінің, азаматтардың заң алдында тең құқылығының, судьялардың бейтараптығының және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады.

Ата Заңымызға, қоғамдық қатынастарды реттейтін заң талаптарына сай республикамыздың кез келген азаматы, азаматтығы жоқ адамдар және шетел азаматтары халықаралық шарттарға сай, өзіне тиесілі құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда, олардың сот арқылы қорғалуын талап етіп, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге құқылы. Сот өз кезегінде азаматтардың арызы мен шағымын заң шеңберінде, бейтарап түрде қарап заңды әрі әділ шешім қабылдайды. Бұл – құқықтық мемлекеттің, құқықтық қоғамның айқын келбеті.

Ата-бабамыздың ежелгі заң жинақтары қазақ халқының құрылу кезеңінен-ақ құқықтық ел болғанын көрсетеді. Бұл құжаттар заманауи Ата Заңымыздың негізі болып табылады. Кез келген құқықтық мемлекет тірегі – Конституция. Сот билігі – Конституцияда бекітілген мемлекеттік биліктің негізін құрайтын үш биліктің бір тармағы болып табылады. Заңға сай сот

төрелігін сот қана жүзеге асырады. Сот билігі Қазақстан атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының заңға сәйкес орындалуын қамтамасыз етеді.

Сот жүйесінің дәл қазіргі уақыттағы ең басты мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру дер едім. Сондықтан сот жүйесін одан әрі жетілдірудегі басым бағыттардың бірі және бірегейі – соттың ашықтығы, жариялылығы, сол арқылы халық пен сот арасында екіжақты байланысты қалыптастыру болып қала бермек. Сот төрелігінің ашықтығы судьялардың жеке басының ісі болып есептелмейді, ол мемлекеттік саясаттың бағытына айналған. Қазіргі күні қол жеткен табыстар биігінен қарағанда, дер кезінде жүзеге асқан шаралардың сот реформасын барынша жеделдетіп, соттардың қызметін жаңа деңгейге көтергеніне айқын көз жетеді. Негізінде заңдағы өзгерістерді тез қабылдап, сот тәжірибесінде орайлы қолдану, жанаулыққа жаны құмар болу нағыз судьяға тән қасиет дер едім. Ең бастысы, кез келген дауды әділеттілік деген қасиетті ұғымға жүгініп шешу үшін судьяда ар-ұят деген асыл қазына болуы керек.



Торқалы БЕКТҰРСЫНОВ,
Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Ар-ұяты бар судья қандай қыспақтан да тура жол табады, қандай күрделі істің де күрмеуін әділ шешеді. Өйткені, оның тәуелсіздігі ешбір заңның, жайлы жағдай мен жоғары жалақының күшімен келген тәуелсіздік емес, өзінің жан-дүниесінің тазалығымен, рухани биіктігімен қалыптасқан тәуелсіздік.

МЕЖЕ

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ СЕНІМДІ ЖОҒАРЫЛАТАДЫ

Үшінші билік өкілдерінің алдында тұрған басты мақсаттың бірі халықтың сотқа деген сенімін нығайту мен сала беделін жоғарылату болса, бұл тұрғыдағы жауапкершілік тек судьялардан емес, сонымен қатар, соттың әрбір қызметкерінен талап етіледі. Осы ретте сот процестерінің сапалы ұйымдастырылуы сот отырысы хатшыларының жұмысына тікелей байланысты. Яғни, салада олардың білім-білігі мен іскерлік қасиеті маңызды рөл атқарады. Мәселен, мәдениеттің киім ілгіштен басталатыны секілді, сот төрелігін атқарудағы жұмыс сот процесіне дайындық сатысынан басталады.

Ал көпшіліктің сотқа деген көзқарасы көп жағдайда сот отырысы барысында қалыптасады. Олай дейтініміз, азаматтардың соттағы кез келген жайтқа мән беріп, қалт жібермеуге тырысатыны тәжірибеден байқалады. Сондықтан, іске қажетті құжаттарды рәсімдеу, процестің өтетін уақытын хабарлау, тараптардың толық қатысуын қамтамасыз етіп, жағымды қарым-қатынас орнату, өз міндетіне кіретін сұрақтарға дұрыс жауап беру сияқты, т.б. мәселелер сот хатшыларынан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Мемлекеттік қызметші санатына кіретін сот отырысының хатшысы жұмысында Конституцияны, Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы және Мемлекеттік қызметі туралы, Еңбек туралы заңдарды, сонымен қатар, Сот кенселері туралы ережені, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сүйеніп, қызметін Азаматтық процестік және Қылмыстық процестік кодекстермен айқындалған нормалар негізінде жүзеге асырады.

Қылмыстық процестік кодекске орай айтар болсақ, 83-бапқа сай, сот хатшысы процесте хаттама жүргізіп, оның дыбыс-бейне жазбаға тіркелуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, хатшының қаралып жатқан қылмыстық іске қандай да бір мүдделілігі болмауы шарт. Әрі хаттамаға көрсетілуге тиіс барлық мән-жайды дұрыс енгізіп, оны заңда белгіленген мерзімде дайындап беру басты міндеті. Сот отырысы

хаттамасына шындыққа сай келмейтін мәліметтерді кіргізген жағдайда заңмен көзделген жауапкершілікке тартылады. Яғни, отырыс хаттамасынан кеткен кез келген кемшілікке сот отырысының хатшысы жеке өзі жауап береді.

Соттар қызметінде заманауи технологиялар жетістіктері кеңінен пайдаланылуда. Тіпті, бұл жағынан даму қарқыны барлық органдарда озық тұр. Өркениетке сай, енгізілген дыбыс-бейне жазбалар хатшылар жұмысын жеңілдетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар, сот процесінің өту деңгейін жоғарылатқаны баршаға мәлім. Мобильді қосымшалар көмегі сот хатшыларына тараптар өтінішіне құлақ асып, кері байланыс орнатуға мүмкіндік берді. Жүйедегі мұндай жаңашылдықтар соттар жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін арттырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғай алуына тиімді жағдай жасауда.

Хатшы әрбір сот отырысына мұқият дайындалып, процесс қашықтықтан өтетін жағдайда сот залындағы қажетті құрылғылардың дұрыс жұмыс істеп тұруын да алдын ала тексеруі керек. Қандай да бір техникалық ақау анықталса, жауапты адамды шақырып, түзетіреді. Сот отырысының сапалы өтуі мен судьялар жұмысының тиімді ұйымдастырылуында олар басты орынға ие. Бұған қоса мемлекеттік және заңмен қорғалатын құпияларды



Әлия БАЙБАТЫРОВА,
Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының кеңсе меңгерушісі

сақтауға міндетті. Бұл міндеттер өз кезегінде хатшыларға қойылып талаптың әрқашан да жоғары екенін көрсетеді. Сондықтан, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, қарым-қабілеттерін үздіксіз жетілдірулері тиіс.

Сот отырысының хатшылары жұмыс барысында сот төрелігін жүзеге асырудың қыр-сырын жетік үйреніп, тәжірибелерін кәсіби тұрғыда шыңдайды. Бүгінде олардың басым көпшілігін болашақ судьялар деуге толық негіз бар.

Сала жұмысы мінсіз болғанда ғана соттар беделінің артып, сенімнің жоғарылауы хақ. Осы мақсатта тынымсыз еңбек етіп жүрген қызметкерлерге сәттілік тілейміз.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЛИЦЕНЗИЯЛАУДЫ ҚАЙТА ЕНГІЗУ САПАНЫ КӨТЕРМЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл жұмыс істеп тұрған жекеменшік балабақшалардың (4973 бірлік) 43%-ын құрайды. Жекеменшік балабақшалар мектепке дейінгі қызметтердің сапасын қамтамасыз ету механизмдерінің қажеттігімен келіседі. Алайда, лицензиялауды қайта енгізу сапа механизмі бола алмайды. Ол тек шағын және орта бизнес субъектілері үшін қосымша кедергілер тудырады. Қауымдастық құрылтайшысы, «INTELLECity» жекеменшік балабақшасының директоры Маржан Ахмеджанованың сөзіне қарағанда, лицензия – белгілі бір қызметпен айналысуға рұқсат алып нарыққа кіру. Ал ондағы қатысушыларды қайтадан лицензиялауға ешқандай қажеттілік жоқ. Егер министрлік өзінің ғана жөн санайтын болса, бұл 2010 жылдан бері осы салаға салынған кәсіпкерлердің 280 млрд теңгеден астам қаржысына ғана қауіп төндірмейді, елдегі әлеуметтік жағдайға да өз әсерін тигізеді.

– 2008–2009 жылдары елдегі балабақшалардың жартысына жуығы көлеңкеде жұмыс істеді. 2013–2014 жылдары лицензиялау алынып, мемлекеттік білім беру тапсырысын орындау бағдарламасы қабылданған соң бұл көрсеткіш 13% төмендеді. Енді қайтадан лицензиялау енгізілсе көлеңкедегі балабақша саны күрт өсетініне сенімдіміз, – дейді қауымдастықтың Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Любовь Айтхожина.

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

2019– 2021 жылдары еліміздегі астық импорты 2,7 млн тонна (157 млрд теңгенің) болып, орташа баға 57 мың теңгені құраған еді. Ол түгелдей дерлік, нақтырақ айтқанда, 145 млрд теңгенің 2,7 млн тоннасы Ресейден әкелінген болатын. Ал бізден 2,1 трлн теңгенің 20,2 млн тонна астығы сыртқа шығарылды. Ондағы орташа баға 103,6 мың теңгені құрады. Оның ішінде 55 млрд теңгеге 441 мың тонна (орташа баға 125,2 мың теңге) Ресейге экспортталған.

ЖОБА КІМНІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ?

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Миятовтың сөзіне қарағанда, 2019–2021 жылдары астық пен ұнды экспортқа шығарушыларға 127 млрд теңге мөлшерінде қосымша құн салығы қайтарылды. Оның 21 млрд теңгесі 2019 жылы, 27 млрд теңгесі 2020 жылы, 50 млрд теңгесі 2021 жылы берілген.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында төраға Мемлекеттік кірістер комитетінің астық нарығының қатысушыларына қосылған құн салығын оңайлатып қайтару бойынша пилоттық жобаны жүргізіп жатқанын хабарлады. Ол саланы сауықтыруға және жосықсыз бәсекелестікті жоюға бағытталып отыр. Өйткені, Ресейден импортталған бидайдың үшінші елдерге, оның ішінде «сұр» схемалар бойынша кері экспорттау және олар бойынша ҚҚС өтеу тәуекелдері бар. Оны болдырмау үшін комитеттің «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп ҚҚС-ты жеңілдетіп қайтару бойынша пилоттық жобасына қазіргі уақытта 20 салық төлеуші қатысуда. Оның жетеуі бидай экспортын жүзеге асырушы, 13-і олардың жабдықтаушысы.

Меморандум жасасу өз еркімен жүзеге асады. Кез келген компания жобаға қатыса алады. Жоба нарықтағы заңсыз әрекеттерге қарсы іс-қимыл жүргізеді. Онда меморандумға қатысушының таңдауы бойынша ҚҚС екі нұсқада қайтару қарастырылған. Біріншісі, банктік кепілдік болған кезде камералдық бақылау жүргізбестен 15 жұмыс күні ішінде. Екіншісі, банктік кепілдік болмаса камералдық бақылау жүргізілген жағдайда күнтізбелік 100 күн ішінде. Меморандумға қатысушыларға бұзушылықтарды өз еркімен жою құқығы беріледі. Жойылған бұзушылықтар бойынша ҚҚС қайтарылады. Қолданыстағы тәртіпте мұндай мүмкіндік көзделмеген еді.

Пилоттық жоба салық төлемейтін жосықсыз делдалдардың санын азайтуға бағытталған. Ол үшін кәсіпкерлер палатасының базасында ақпараттық ре-

сурс құрылды. Онда бұзушылықтар туралы мәліметтер жарияланады. Қазіргі уақытта 2 экспорттаушы барлығы 299 млн теңгенің ҚҚС қайтаруды сұрады. Бұл экспорттаушыларға салықты шілде айының соңына дейін, яғни, көзделген мерзімнен 2 есе жылдам қайтару жоспарланған.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жигули ДАЙРАБАЕВ, Қазақстан фермерлері одағының төрағасы:

– Мемлекеттік кірістер комитетінің астық нарығының қатысушыларына қосылған құн салығын оңайлатып қайтару бойынша пилоттық жобасы туралы әзірге бір нәрсе деу қиын. Өйткені, ауыл шаруашылығы саласында әр сала өзінің мүддесін қорғап, лобби жасайды. Бізде ауыл шаруашылығы саласында қазір 50 шақты салалық қауымдастықтар мен одақтар бар екен. Әркім өз қызығушылығын қорғап, жан-жаққа тартпас үшін бәрімізге ортақ қазақстандық мүдде болу керек. Сондықтан сіз айтқан жобада да астық өсірушілер мен ұн өндірушілердің мүддесі қорғалып отыр ма деген күдік бар, менде.

Әр нәрсені тиянақты зерттеу үшін бізге алдымен экспорттық әлеуетті анықтау қажет. Бізде не бар, не жоқ? Нені, қанша көлемде сыртқа шығарып, басқа елден қандай өнімді әкелетінімізді бүге-шігесіне дейін зерттеу керек. Сонда егер өзімізде астық жеткілікті болса, оны Ресейден әкелуге қаншалықты қажеттілік бар деген сұраққа жауап табылады. Ал оны зерттемей алдын ала байбалам салудың қажеті жоқ. Өйткені, әрбір өзгерісті астық өндірушілер одағы өзінше түсіндіреді, ұн өндірушілер одағы өзінше қарастырады. Мемлекеттік мүдде бірінші орында тұратын болса, ешкім «көрпені» өзіне қарай тартуға әрекет жасамайтын болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Роза САДЫҚОВА,
Жекеменшік білім беру ұйымдарының республикалық қауымдастығы төрайымы:



– Мектепке дейінгі ұйымның міндеті – ол мемлекеттік болсын, меілі жекеменшік болсын ең бірінші баланың өмірі мен денсаулығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бүгінгі күнде көтеріліп жатқан өзекті мәселенің бірі – мектепке дейінгі жекеменшік білім беру ұйымдарын лицензиялау болып отыр. Лицензиялау – ол өз ісінді ашуға мемлекеттік органның рұқсат алу туралы заңды құжат. Менің пікірімше өз жұмысын бастағалы жатқан кәсіпкердің құқығын заңды түрде қорғау деп білемін. Лицензияланған жекеменшік балабақшалардың өз жұмысын дамыту үшін қоғамдық маңызы бар ірі жобаларға қатысуға мүмкіншіліктері артады. Яғни, әлеуеттерін тиімді пайдалану олар үшін дамуға үлкен мүмкіндік береді. Жаңа кіріс көздерін тартуға, бизнесті дамытуға, ірі жобаларға қатысуға үлкен мүмкіншілік бар. Әрине, лицензия алу үшін нормативті құжаттарды дайындап, интернет порталына тіркеу ұсыну қажет. Жекеменшік балабақшаларда санитарлық нормалар, бөлмелердің ауданы, сананы белгілі талап қойылады. Білім беру мекемесіндегі барлық қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы санитарлық-эпидемиологиялық станция мен өрт сөндірушілердің қорытындысы, мекеменің барлық қажетті материалдық техникалық базасы және оқу-әдістемелік құжаттардың болуы, білім беру бағдарламаларының толық болуы қажет.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, еш бақылауда болмайтын, құрамында 5-6 баласы бар, ешқандай салық төлемейтін көлеңкелі балабақшалар ірі қалаларда әртүрлі үйлерде ашылып, ешқандай құжатсыз жұмыс жасап жатыр. Міне, осындай балабақшалардағы жұмыс жүйесі қандай нәтиже бермек. Сол мақсатта жекеменшік балабақшаларды лицензиялау дұрыс. Егер жекеменшік балабақшада заңды лицензиялық құжаттар болған жағдайда ол мекеме баланың болашағы мен қауіпсіздігіне, біліміне немқұрайлы қарамайды. Көп жекеменшік балабақшалар тек қаржы жағын ойлап жалға алу, дотация төңірегін шеңбермен шектеледі.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ИГІ ІС

ӘКІМ МАРАПАТТАЛДЫ



Тұрғынды үлкен қатерден арашалап қалған Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылдық округінің әкімі Руслан Байсағизов Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасы Д.Жазықбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталды.

Маусым айының басында Ақтөбе облысының Мәртөк ауданы Қаратоғай ауылының тұрғыны 50 метрлік мұнараға көтеріліп, өз-өзіне қол жұмсамақ болады. Оқиға орнына келіп жеткен барлық төтенше қызмет өкілдері мен ағайын-туыстарының сөзіне құлақ аспаған ер адам тілдесуден мүлде бас тартқан.

Ер адамға тек ауылдық округтің жергілікті әкімі Руслан Байсағизов көмектесе алды. Ол өзі биіктікке көтеріліп, екі сағат бойы келіссөз жүргізген. Нәтижесінде альпинисттік жабдықтың көмегімен ер адам ақыры мұнарадан түсіріледі.

Агенттік төрағасының арнайы жолдаған алғыс хатын Ақтөбе облысы бойынша аумақтық департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Әділбек Мұқашев табыстады.

БАЗЫНА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕҢІ – ДЕНІ САУ ҰРПАҚ!

Жаңа Қазақстан сапалық тұрғыда жақсара бастады. Оған кейбір мәселелердің жоғарыдан көтеріліп, толыққанды шешімін тауып жатқаны дәлел.

Алдағы уақытта жастар мен шылым шегушілердің ермегіне, әрі сенімді серігіне айналған вейп, электронды шылым түрлеріне қатаң түрде шектеу қойылатын болды. Енді, Қазақстанда вейптерді сатуға және темекі шегуге тыйым салынады. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Аманжан Жамалов мәлімдеді. «Қазақстанда вейптарды сатуға және пайдалануға тыйым салатын түзетулер туралы шешім қабылдадық. Темекі қоспасы, сұйықтық, газ – оларды Қазақстанда сатуға және пайдалануға толық тыйым салынады», – деді ол.

Қазіргі таңда, статистикалық ақпараттарға сүйенетін болсақ, жасөспірім жастан бастап, мектеп оқушылар «одноразка» аталатын бөлеге құмар. Жастар оны сәнді немесе мықты болып көріну үшін еліктеушілікке байланысты шегеді. Бір қызығы, оларға тыйым салынбаған. Демек, рұқсат бар деген сөз бе? Қазақстанның болашағы дені сау ұрпақ.

Қазірден бастап, неше түрлі электронды шылымға құмарлатын жастардың қатары көбеймесе, кеміген емес. Ал, оларды сатуға әкелетін сатушылар клиенттерінің кәмелеттік жасқа толған-толмағандығын ескермейді де. Әлеуметтік эксперимент ретінде, үлкен сауда үйлерінің бірінде тұрған электронды шылым түрлерін сататын дүңгіршекке жақындап, сұрап едім, менен тіпті жасымды да, құжаттарымды да сұрамай, ақшасын алып, орап бермекші болды. Бар көзделген мақсат неғұрлым көп тауар сату. Күніне сан түрлі адам келеді, оның қайсысының жасын сұрап тұрмақшысың, дегендей сатушысы мені жақтырмай шығарып салды.

Әрине, бизнес болған соң сатылым көп болғаны өте жақсы. Бірақ, оның өскелең ұрпаққа зиянының тиіп жатқандығы көңіл құлазытады.

Айнеля ЖАМБОТЫРОВА

ШЕКТЕУ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ СЫРТҚА ШЫҒАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарлауына, 14 маусымнан бастап Қазақстан аумағынан полиэтиленерфталат (ПЭТ) қалдықтарын екетуге 3 айға тыйым салынады. Ол Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің «Полиэтиленерфталат қалдықтарын екетуді реттеудің кейбір мәселелері туралы» 27 мамырдағы № 289 бұйрығына сәйкес жүзеге асып отыр.

Онда ел аумағынан бөтелкелерді, сауыттар және ұқсас бұйымдарды; пропилен пластмассаларынан жасалған қалдықтарды, кесінділерді және

сынықтарды екетуге тыйым салу қарастырылған болатын. Бұл шара отандық полимер өнімін өндешілерді қолжетімді шикізатпен, яғни, ПЭТ қалдықтарымен қамтамасыз ету мақсатында, өндіріс көлемін ұлғайту және ішкі нарықта құнын төмендету мақсатында енгізіліп отыр. Бұл шектеу бұйрық қолданысқа енгізілген күнге сәйкес экспорттың Қазақстан мен ЕАЭО кедендік заңнамасының рәсімі бойынша орналастырылған және шығарылған тауарларға қатысы жоқ. Олар ел аумағынан кедергісіз екетуге жатады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

КЕЛБЕТ

ТУМЫСЫ
БӨЛЕК
ТҰЛҒА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданында 1947 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келген, 1966 жылы Шалқар орта мектебін, 1970 жылы Ақтөбе пединститутын, 1974 жылы Москвада КСРО ІМ академиясын бітіріп, еңбек жолын қатардағы мұғалім болып бастаған ол ішкі істер, прокуратура органдарында бірталай қызметті абыроймен атқарды. Сондай-ақ, Ақтөбе облысының Ырғыз аудандық сотында және ұзақ жылдар Шалқар аудандық сотында төрағалық етіп, ерен еңбегімен елдің ерекше құрметіне бөленген азамат. Ол кісі тумасынан еңбеккер, жаңашыл, қарапайым адамдардың мүддесі үшін жанкештілікке, басын қатерге тігуге дейін баратын биік тұғырлы тұлға. Ағамыз шындық үшін бар күш-жігерін, білімі мен біліктілігін жұмсады. Аппак арына шаң жуытпай өмірдің сан сынағынан сүрінбей өтіп, ел сенімін абыроймен ақтаған ғибратты өмір жолы жас ұрпаққа өнеге, ерекше тағлым.

Ешкімнің алдында қаймықпай, әділдіктің алдаспанын биік ұстай білуінің өзі оның өмірден алған өлшеусіз тәжірибесі, іскерлігі, принципшілдігі, табандылығының арқасы. Әлсізге қорған бола жүріп, әр істің байыбына терен барып, әділетті шешілуіне, талай кеудесіне нан піскендер мен заңды белден басқандарды тәубесіне келтіру көп қажыр-қайратты талап еткені шындық. болмысынан мәймөңкелеуді жаны сүймейтін тік мінезді, қарамағындағыларға қатал талап қойғыш ол ешкімнің ығына жығыла қоймады, өз ұстанымын іскерлік қабилетімен ұштастыра білді.

Саналы ғұмырын құқық қорғау және сот саласына толықтай арнаған әріптесіміздің өнегелі өмір жолы кейінгілерге үлгі. Осындай ағаның бағасын алған, оның қолынан қызметтік өмірге жолдама алған жандардың жадында Жалғас ағаның бейнесі білікті басшы, тәлімді тәрбиеші ретінде мәңгі жаңғырып тұра бермек. Дүниетанымы кең, зиялы жанның артында қалған мұрасы да өлшеусіз. Мәселен, «Би беделі біліктілікте» деген кітабында сот саласының мамандары үшін өмірден түйгені мен тәжірибесін бізге мирас етті. Сол уақыттағы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Иран Әміров «Жалғас Сәңкібайұлының



еңбектері өте мағыналы, тәлімді», деп жоғары баға берген.

Ұлағатты жанның өмір жолындағы өзгелерге үлгі болған тағы бір қасиеті – ұлтжандылығы. Ұлттық сананың қайнар көзі – тіліміз бен салт-дәстүрімізге үлкен мән берген аға туралы жырақтағы ырғыздықтардың сол уақыттағы аудандық сот төрағасы Жалғас Садықов туралы өңгіме қозғап: «Мұндай соты бар жұрт бақытты» дегені есімізде.

Жалғас Сәңкібайұлының сот саласындағы елеулі еңбегі бағаланып, 2010 жылы «Үш би» Құрмет белгісінің иегері, «Сот жүйесінің құрметті қызметкері» атағын алып, Шалқар ауданының Құрметті азаматы атанды, әрі Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Осындай ағаның тәлімі мен тәжірибесі кейінгі ізбасарлары үшін нағыз өмір мектебі болды десем, қателеспеймін.

Дана халқымыз «Білік айту – оңай, біліп айту – қиын» екендігін тегін айтпаған. Бұл қай кезде де билердің білімі мен білігі халықтың жігі назарында болатынын көрсетеді. Халық төреліктен адалдықты, әділдікті, заңдылықты, біліктілікті көре білгенде ғана сотқа сенімі артып, беделдің нығаятыны анық.

Иә, тау алыстаған сайын биіктей түседі. Жалғас Сәңкібайұлының да тау тұлғасы жыл өткен сайын биіктеп, жадымызда мәңгі жаңғырып тұра бермек...

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

Әрбір елдің сүйенері, тірегі – Ата Заңы. Қазақстан Республикасының бас құжаты – Конституцияда мемлекеттің біртұтас екені дәріптеліп, сол зайырлы, құқықтық мемлекеттің тұғырын бекітер үш билік ерекшелеп көрсетілген. Оның бірі – заң шығарушы билік. Ол еліміздегі бүкіл қоғамдық, адами қарым-қатынастарды құқықтық тұрғыдан үйлестіруге қадамдар берер болса, екіншісі – атқарушы билік, ел игілігіне жасалатын қадамдарды заңдарға сүйене отырып іске асыруды мақсат етеді. Ал мемлекеттік биліктің бір тармағы үшінші билік – сот саласына әділетті қоғам, қауіпсіз орта қалыптастыруда заңның пәрменін пайдалану міндеті жүктелген.

СОТ – МЕМЛЕКЕТТІК
БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Мәртебесі биік, құзыреті кең сот билігіне қойылар талап ешқашан төмендемеген. Оны тәуелсіздік алғалы бері сот төрелігінде жасалып жатқан тұрақты қолдауға қарап, сонымен бірге үздіксіз жүргізілген реформаларға қарап пайымдау қиын емес. Реформалар – сот жұмысының сапасын арттыруға, сот қызметін оңтайландыруға бағытталды. Қоғам қажеттілігінен туындаған бастамалардың нәтижесінде сот корпусына кездейсоқ адамдардың кіруіне тосқауыл қойылып, судьялықтан үміткер жандарды іріктеудің күшейтілген механизмі енгізілді. Мұның барлығы мемлекет атынан үкім ету құзыреті берілген сот билігінің беделін төмендетпеу үшін керек. Сот корпусына тек «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып танылған, өзге үміткерлерден білімі мен білігі жағынан оқ бойы озық тұрған жандардың

тебесі туралы» заңға дейін кең сот билігіне қойылар талап ешқашан төмендемеген. Оны тәуелсіздік алғалы бері сот төрелігінде жасалып жатқан тұрақты қолдауға қарап, сонымен бірге үздіксіз жүргізілген реформаларға қарап пайымдау қиын емес. Реформалар – сот жұмысының сапасын арттыруға, сот қызметін оңтайландыруға бағытталды. Қоғам қажеттілігінен туындаған бастамалардың нәтижесінде сот корпусына кездейсоқ адамдардың кіруіне тосқауыл қойылып, судьялықтан үміткер жандарды іріктеудің күшейтілген механизмі енгізілді. Мұның барлығы мемлекет атынан үкім ету құзыреті берілген сот билігінің беделін төмендетпеу үшін керек. Сот корпусына тек «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып танылған, өзге үміткерлерден білімі мен білігі жағынан оқ бойы озық тұрған жандардың

тебесі туралы» заңға дейін кең сот билігіне қойылар талап ешқашан төмендемеген. Оны тәуелсіздік алғалы бері сот төрелігінде жасалып жатқан тұрақты қолдауға қарап, сонымен бірге үздіксіз жүргізілген реформаларға қарап пайымдау қиын емес. Реформалар – сот жұмысының сапасын арттыруға, сот қызметін оңтайландыруға бағытталды. Қоғам қажеттілігінен туындаған бастамалардың нәтижесінде сот корпусына кездейсоқ адамдардың кіруіне тосқауыл қойылып, судьялықтан үміткер жандарды іріктеудің күшейтілген механизмі енгізілді. Мұның барлығы мемлекет атынан үкім ету құзыреті берілген сот билігінің беделін төмендетпеу үшін керек. Сот корпусына тек «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып танылған, өзге үміткерлерден білімі мен білігі жағынан оқ бойы озық тұрған жандардың

Сот билігі – Қазақстан Республикасы атынан сот төрелігін жүзеге асыратын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететін мемлекеттік биліктің дербес әрі тәуелсіз тармағы. Сот билігінің өзіне жүктелген міндетін атқаруына ешқандай кедергі жоқ. Ата Заңымыздан бастап, «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» заңға дейін кең сот билігіне қойылар талап ешқашан төмендемеген. Оны тәуелсіздік алғалы бері сот төрелігінде жасалып жатқан тұрақты қолдауға қарап, сонымен бірге үздіксіз жүргізілген реформаларға қарап пайымдау қиын емес. Реформалар – сот жұмысының сапасын арттыруға, сот қызметін оңтайландыруға бағытталды. Қоғам қажеттілігінен туындаған бастамалардың нәтижесінде сот корпусына кездейсоқ адамдардың кіруіне тосқауыл қойылып, судьялықтан үміткер жандарды іріктеудің күшейтілген механизмі енгізілді. Мұның барлығы мемлекет атынан үкім ету құзыреті берілген сот билігінің беделін төмендетпеу үшін керек. Сот корпусына тек «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып танылған, өзге үміткерлерден білімі мен білігі жағынан оқ бойы озық тұрған жандардың



С. МАХАМБЕТОВА,
Жаңаөзен қалалық
сотының судьясы

билігінің тазалығына, судьялардың тура төрелік етуіне жол ашады.

Сот билігі өз үкімімен, шешімімен немесе қаулысымен қоғамды тәрбиелейді, елдегі мәселелерді шешуге ықпал етеді. Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, жаңа құжаттардың дайындалуына да соттың ықпалы орасан. Өйткені, теориялық тұрғыдан сапалы дайындалған заңдардан тәжірибе барысында олқылықтардың анықталуы қалыпты жағдай. Осының өзі мемлекеттің дамуына, құқықтық саланың жандануына сот билігінің өлшеусіз үлес қосатынын айғақтаса керек. Мемлекеттің болашағын жарқын етер он ізденістер әлі де жалғаса бермек.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

ҚЫЛМЫСТЫ ЕШБІР СЕБЕП
АҚТАЙ АЛМАЙДЫ

Құқықтық мемлекетте кез келген адамның құқығы мен бостандығының қорғалатынына Конституциямен кепілдік беріледі. Десек те, сотта қаралатын істердің азаймауы қоғамда құқықтық сауаттың төмендігін, азаматтардың қылмыс салдарын жете түсіне бемейтінін көрсетеді.



Ерлан БОЛАТОВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Соның ішінде жеке адамға қарсы қылмыстардың басым бөлігі отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдарынан, тұрмыстың төмендігінен, әлсізге өз үстемдігін көрсетсе деген ниеттен, тез баю мақсатынан туындайды. Ал әйелдер мен балалардың көп жағдайда мұндай қылмысқа шарасыздықтан, әлімжеттіктен әбден шаршағандықтан баратыны байқалады. Қалай болғанда да қылмысты ештеңе ақтай алмайды. Қылмыстық кодекстің 99-бабынан 131-бабына дейін жеке адамға қарсы қылмыстарға жаза белгіленген. Баптардағы жазаның шегін, тәртібін көпшілікке түсіндіру қажетті шараның бірі.

Айталық 112-баптағы – «Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру» әрекетіне арнайы тоқталу

артықтық етпейді. Бұл қылмыстың аражігін ажырату, қылмыс жасаған адамның әрекетін дұрыс дәрежеліу тергеу органдарынан да, істі қараған соттан да тыңғылықты жұмысты, терең сараптауды талап етеді. Себебі, Қылмыстың кодексте көрсетілгендей қылмысты қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасаған, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргендер – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Яғни, жеке адамға қарсы қылмыс жасағандарға берілетін жазадан бұл бап бойынша тағайындалатын жаза айтарлықтай жеңіл. Соған орай азаматтардың өз жазасын жеңілдету үшін теріс әрекетті қалауынан тыс, қажетті қорғаныс үшін жасадым деп көрсетуі әбден мүмкін. Жауаптылықтан қашу мақсатында түрлі қиырлықтарға баратын азаматтарды сот тәжірибесінен жиі көріп жүрміз. Бұл жерде әділ соттың таразысының тең тартуы, кінәлінің тиісті жазасын алуы шындықты ашуда ғана емес, бүкіл сот құрылымының беделін арттыруда да маңызды рөл атқарады. Мұндай қоғам қызығушылығын тудыратын шулы істерге өте кірпіяз қарайтынымыз да сондықтан.

Сот тәжірибесінен көз жеткізгеніміздей, кейінгі жылдары өз күйеуінің, азаматтық некедегі жарының денсаулығына қауіп төндіретін, өміріне қол сұғатын

нәзік жандылар көбейді. Олардың тағдырлары өте ұқсас. Барлығы отбасылық тәуекелмен, жоқшылықтан қажыған. Сонымен бірге, тірек тұтқан азаматынан үнемі жәбір көріп, зорлық-зомбылықтан көз аспаған. Тіпті, балаларының өзі анасының күнделікті сөз естіп, таяқ жейтініне үйреніп кеткен. Ал жас кезінен санасына сіңген бұл жағымсыз көріністің бала психологиясына қаншалықты теріс әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Үнемі қайталанатын жағдай болғандықтан жасөспірімдердің келе-келе бұл көріністі әрбір отбасына ортақ ахуал деп қабылдауы да мүмкін. Мұндай бала кейін өскенде көргенін қайталамасына кепілдік жоқ. Сонда байқағанымыз, көп әйелдер өзіне жасалған зорлық-зомбылыққа еті үйреніп, шыдамдылық танытқанымен, күйеуі, жақыны баласына қатыгездік танытқанда небір оқыс әрекетке барады. Бауыр еті баласы үшін барын беруге әзір аналарды мұндай сәтте өзінің болашағы да, түрменің қиындығы да тоқтата алмайды. Әйел адамдарға, көмелетке толмаған жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылық жасайтындардың көбі жұмыссыз, ішкіш, бұрын сотты болған, қоғамда өз орнын таба білмеген адамдар. Олар зәбір көрген адамдардың жанына өшпес таңба салып, психикалық күйзеліске ұшыратады. Сондықтан, деректер мен дәйектерді саралағанда психологтардың дәрежесін айқындау қиындық келтірмейді. Қажетті қорғаныс шегінде қылмысқа барғандарға жаза тағайындағанда психологтардың пайымына жігі мән беріледі. Ең бастысы, жаза оңсыз да өмір бойы қиындық көріп, тауқымет тартқан жандардың жан азабын күшейтпеуі керек. Керісінше, айыптының қателіктен сабақ алып, қоғамнан өз орнын табуына ықпал етсе – сот мақсатының орындалғаны.

БАСТАМА

Сот жүйесінің кешегісіне көз жүгіртіп, бүгінгісіне талдау жасайтын болсақ саланың уақыт сұранысына сай бейімделіп, қаншалықты тез дамып жатқанына көз жеткізуге болады. Соған қарап оның ертеңің де жаман болмайтынын ұғына түсеміз. Оған саланың қандық жүйеге өтуінің маңызы зор!

ДАМУ ЦИФРЛАНУҒА
ТІКЕЛЕЙ ТӘУЕЛДІ

Цифрландырудың арқасында жүйеде ашықтық, жариялылық орнап, халықтың сотқа деген сенімі артып келе жатыр. Демек, сала сот жүйесінің алға қойған мақсатына сай түлеуде. Менің сот жүйесінде жұмыс істеп келе жатқаным 19 жылдан асыпты. Жетекші маман, бас маман, бас маман-сот мәжілісінің хатшысы, кенес меңгерушісі секілді қызметтерді атқарып, сатылап өскендіктен, жүйедегі өзгерісті үнемі байқап келемін.

2018 жылдың басында еліміздің сот жүйесіне бірқатар стратегиялық тапсырмадан тұратын «Сот жүйесінің 7 түйіні» атты жоба енгізілген болатын. Аталмыш жобаның «Төртінші түйіні» – Smart сот немесе E-COT деп аталды. Атының өзі айтып тұрғандай, бұл бағытта автоматтандырылған электронды сот өндірісі қолға алынды. Ең алдымен қолданыстағы «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі негізінде барлық іс жүргізу электронды түрде жүзеге аса бастады.

Саланың дер кезінде уақыт сұранысына сай бейімделуінің тиімділігін, әсіресе, пандемия кезінде анық сезіндік. Талай сала карантин кезінде жұмысын уақытша тоқтатып тастаған кезде сот саласы жана бір тынысын ашқандай болды. Карантин кезінде онлайн сот отырыстарының саны еселеп өсті. Бұл сот жүйесінің дұрыс бағытта дамып келе жатқанын көрсетсе керек. Қазір де саланың цифрлануына қатысты айтағын жаналықтар өте көп. Мәселен, жасанды зерде элементтерін енгізу арқылы сот жүйесінде бірыңғай практика қалыптасты. Нәтижесінде сот істерінің жедел қаралуына ықпал етуге мүмкіндік туды. Қазір сот жүйесінде роботтандыру бағдарламасы енгізіліп жатыр. Бұл сот ісінің жедел қаралуына ықпал етіп, адами фактордың барынша төмендетіліп, саладағы «бармақ басты, көз қыстылықты» жоюға септігін тигізді.

Енгізіліп жатқан жаңалықтардың артықшылығына келсек, бұрын борышкерлер шетелге шығатын кезде мемлекет оның қарызы бар-жоғын анықтайтын. База бойынша оның қарызы болса шетелге шығуына тыйым салынатын және ондай істер он-он бес күн қаралып, борышкерді жолынан қалдыратын. Бұл келеңсіздік, әсіресе, жыл бойы демалысын күтіп, жаз шыға шекараның сыртында демалғысы келетіндерге айтарлықтай мәселе туындататын. Ал қазір мұндай істер роботтандыру бағдарламасының арқасында санаулы минут ішінде сот актісінің жобасын дайындап береді, оның үстінен судья қазақ, қолын қойып бекітеді. Бұл сот жүйесінің дәл қазіргі таңда азаматтар құқығын қорғауына қолайлы мүмкіндік туындап отыр. Бұдан бөлек, Smart Bridge секілді сала жұмысын жетілдіру мақсатында түрлі жаңашылықтар да енгізілуде.

Ал биылғы жылдың 1 тамызынан бастап аумақаралық соттылық жобасы енгізіледі деп күтілуде. Бұл жобаның мақсаты сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған. Яғни кез келген азамат өз қаласындағы судьяларға сенімсіздік білдірсе немесе қарсылас тараптың судьямен таныстығы бар екенін сезсе, жерлестік, руластық, туыстығы бар екенін біліп, соттың әділдігіне күмәнданса ол өз ісін басқа бір қаладағы соттың қолына сеніп тапсыра алады. Мен саралап өткен жаңашылықтар саладағы көп өзгерістің бірі ғана. Бірақ сот жүйесінің кешегісіне, бүгінгі күнгі атқарып жатқан шарасына және алдағы уақытта енгізілетін өзгерістеріне шолу жасай отырып, саланың дұрыс жолда дамып келе жатқанын сезініп отырмыз.

Айгуль ТОЙҒАМБАЕВА,
Әуезов аудандық сотының
кенес меңгерушісі
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАҒЫЛЫМ

«ТҮГЕЛ СӨЗДІҢ ТҮБІ БІР»

Қазақ мемлекетінің ел болып бой көтеруіне, ежелгі дәуірден бастап адамзаттың табиғи болмыс-бітіміне сіңген әдет ғұрып, салт-сана арқылы қалыптасқан заңдар үлгісі ықпал етті десек қате болмас.

Жастайынан көкейге қонған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген сөздің мағынасы да тереңде жатыр. Майқы би қалдырған жеті түрлі мемлекеттік заң ережелері қоғамдық қатынастармен байланысты адам құны, жесір мен неке, жер иелігі мен бөлісі, ұрлық, барымта, дау-шарлар және мал құны туралы құқық нормаларын қамтыған. Сот үкімдері мен шешімдері осы ережемен айқындалған. Қазақ халқының негізін қалап отырған ру-тайпалар сол кездегі Шыңғыс хан қағанатының құрамындағы ұлыс болғандықтан, жоғарыда аталған заң ережелері қазақтың дәстүрлі құқығында кеңінен қолданылған. Ал билер сотының Майқы биден бастау алғаны баршамызға мәлім. Содан бері Қазақ елінде қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым-жүйеге қарай дамып, өркендеп отырды.

«Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісі. Қолданыстағы азаматтық заңнама нормаларында аталған заңдар жинағында белгіленген нормалармен ұқсастық та бар.

Қазақ билері қалдырған бай рухани мұра өзінің маңызын әлі күнге жоғалтпады. Билер қоғамдағы алауыздықты реттеуге атсалысқан жылдары көшпелі елде қалыптасқан қазақтың әділ сот құндылығы баршаға танылып, «Әділ соттың алтын ғасыры» деген атаққа ие болған. Билер соты сол дәуірде мемлекеттің маңызды институты ретінде бой көтеріп, қазақ қоғамының дамуында басты рөл атқарды.

Тәуке хан ел арасында ақыл-парасатымен, әділдігімен, батырлық әрекеттерімен белгілі болған қазақ мемлекетінің құқықтық негізін қалаушы – Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді жұмылдыра отырып, «Жеті жарғы» заңдар жинағын әзірледі. Әйгілі билер соты заңдық жүйені қалыптастыруға бағытталған заңдар жинағын әзірлеу барысында дала ережесі мен қазақ халқының санасында қалыптасқан салт-дәстүрді ескерді.



Ғасырдан-ғасырға жалғасқан дәстүрлі құқықтық әдет-ғұрыпты назарға ала отырып әзірленген, қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық нормаларының жиынтығынан құралған «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын дала билері сот ісін қарауда қолданды. Заңның әрбір бабы, талаптары мен реттеу функциялары сол заманның тарихи жағдайларына, ұлттық идеяны қорғауға, көшпелі өмірдегі қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Аталған құжат қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайтуда, ұлттық сана-сезімін көтеруде, рулар арасындағы келіспеушілікті тоқтатуда маңызды рөл атқарды.

Дала билерінің құқықтық мәртебесі қазақтардың Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін өзгерді. XVII ғ. екінші жартысынан бастап қазақ елінде ресми билер соты жүргізіле бастады. 1991 жылы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң жарияланып, қазақ елінде еркіндікке, тәуелсіздікке қол жеткізді. Бұл тарихи датадан кейін қазақ елінде көптеген реформа орын алды. Жанғырту Қазақстандағы сот жүйесіне де жетіп, 1993 жылы алғаш рет конституциялық терминологияға «Сот билігі» ұғымы енгізілді.

Сот билігі Қазақстан атынан жүзеге асырылатын мемлекеттік биліктің жеке тармағы болып табылады. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын

мен заңды мүдделерін, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, еліміздің Ата Заңында, қолданыстағы заңдарында, өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, халықаралық шарттарында көрсетілген тәртіппен орындалуын қамтамасыз етеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар ішінде заңдылық пен сот төрелігінің сенімді кепілі болатын сот жүйесін құру, оны нығайту және адам құқығы қорғалатын құқықтық мемлекет құру жолында соттық-құқықтық реформалар жүргізілді. Судья мәртебесі, судьялардың тәуелсіздігі заңмен белгіленіп, заңнамалық база қалыптасты. Соттардың қызметін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық мәселелер де шешілген, барлық ғимаратта сотқа келушілерге қолайлы жағдай тудыратын фронт-кеңселер ашылып, ақпараттық техникалармен жабдықталған.

Бүгінгі сот жүйесі өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере білген, жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін сот төрелігінің әділдігін дәлелдеген биліктің бір тармағы. Дей тұрғанымен, сот жүйесін одан әрі дамыту жұмыстары әлі де жалғасын таба бермек.

Тимур КӨПБОСЫНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған
ауданаралық тергеу сотының
төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

ӨЗ МЕРЕКЕМІЗ БЕЛГІЛЕНДІ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңының 4-бабында кәсіби және өзге де мерекелерді белгілеудің реті көрсетілген. Жақында Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың қаулысымен «24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» деп белгіленді. Қаулыда мерекенің еліміздің судьялар қауымдастығы мен сот қызметкерлерінің конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап көрсетілген.

Облысымыздың барлық судьялары, сот саласының ардагерлері үшін бұл отыз жыл бойы үлкен үмітпен күткен басты жаңалық екені даусыз. Мемлекеттік деңгейде атап өтілетін бұл мереке – сот саласының абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктетуге, сол арқылы халықтың сотқа деген сенімін арттыруға өз әсерін тигізетін сөзсіз.

2002 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен барлық облыстарда мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрыла бастады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес судьялық корпус тарихи жасақталып, оған лайықты судьяларды іріктеу үшін конкурс жарияланғаны есімізде. Соған сәйкес біздің Ақтөбе облысында да аталмыш сотты құрып, жасақтау қолға алынды. Конкурс қорытындысының нәтижесі бойынша Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы болып тәжірибелі судья, білікті басшы Ғалымжан Мырзақе, судьялары болып М.Жарқынбеков, Н.Игіліков, Ж.Әлішева, А.Жақыпова, Р.Шоқатаева, Б.Жүсіпбекова, Ж.Мәмбетова тағайындалды. Кеңес меңгерушісі қызметі С.Сыдықбековаға жүктеліп, сот отырысының хатшылығына тәжірибелі сот қызметкерлері іріктеліп алынды.

Мемлекеттік биліктің бір тармағы болып саналатын сот билігі ел азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр жолдауында сот саласының жұмысын жетілдіріп, қолжетімділікті, ашықтықты қамтамасыз ету мәселелерін күн тәртібіне өткізіп отырып келеді. Сот билігі өзі шығарған әрбір үкім, шешімінің мүлтіксіз орындалуымен халықтың құрметіне бөленіп, сеніміне ие болады. Соңғы жылдары бүкілхалықтық қолдауға ие болған сот реформаларының өміршеңдігі соның айқын айғағы. Істердің сотқа дейін бітімгершілікпен шешілуі, судьяларға істерді компьютердің көмегімен автоматты түрде бөлу, алқабилер сотының енгізілуі, «Төрелік» жүйесі, «Сот кабинеті» бірінғай сервисі, басқа да заманауи технология игіліктері сот жұмысын жеңілдеті түсуде.

Біздің мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың сот залдары түгелдей бейне-дыбыс жазу құрылғыларымен жабдықталған. Түрлі деңгейдегі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен дыбыс-бейнеконференц байланыс арқылы сот отырысын өткізу, сотқа жүгінуші тараптармен істерді онлайн арқылы қарау сот қызметін кедергісіз,



Нүргүл ТАНКИЕВА,
Ақтөбе облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

іріксізсіз атқаруға мүмкіндік беріп отырғанын атап өткен дұрыс.

Сотқа өз алдына бөлек шаңырақ көтерген жылдан бастап осы жылдар арасында білікті судьялар басшылық жасады. Қазіргі кезде Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына А.Дәуренбеков жетекшілік етеді. Бүгінгі таңда сотта 6 судья және 16 сот қызметкері жұмыс жасайды. Олардың анттарына адал болып, өз міндеттерін мінсіз атқаруына барлық жағдай туғызылған. Республикалық, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен ортақ мақсат жолында қоян-қолтық жұмыс жасаудамыз. Қорыта келе барлық әріптестеріме сот төрелігін жүзеге асыруда антқа адалдық, кәсіби біліктілік тілеймін.

КЕСЕЛ

Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі. Елімізде жемқорлықпен күрес бір сәт те тоқтаған емес. Қайта түрленіп, айласын асыруға тырысатын жемқорлық деректерінің жолын кесу үшін күрес тәсілдерін жетілдіріп, үнемі уақыт ағымына сай бейімдеп отырудың маңызы зор. Өйткені, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керектігі ақиқат. Осы орайда сот жүйесінде де жемқорлықтың алдын алу бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Атап өтсек, жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Бұл саладағы ашықтықтың, тазалықтың белгісі болса керек. Тағы бір атап өтер жайт, елімізде жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Бұл жұмыстардың барлығы нәтижесіз емес. Осындай шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейінің төмендегені байқалып отыр.

Жыл басында Мемлекет басшысы барлық құрылымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытын түбегейлі қайта қарауға шақырып, кейбір уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндет де қойған болатын. Үкіметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеуді, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгертуді тапсырды. Алдағы уақытта жемқорлық деректері бойынша нақты бағытпен күресудің өз нәтижесі болары анық.

Бүгінде ел арасында жемқорлыққа қарсы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттілігі сезіледі. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыра отырып, күрестің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Өйткені, жемқорлықтың қоғам үшін залалы орасан зор екенін халық та түсініп келеді.

Бақытжан ТӘЖІХАНОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы



БАҒДАР

Құқықтық тәртіпке қол жеткізу үшін барлық елде ұзақ мерзімді даму стратегияларында заң үстемдігіне басымдық беріледі. Біздің елде де сот реформаларын жүргізу, заң үстемдігін қамтамасыз ету және күнделікті өмірде құқықтық тәртіпті сақтау мақсатында кешенді әрі тұрақты бағдарламалар іске асырылады.

ҚАЗЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Қоғамда заңды орындап, әділеттілік салтанатын орнату жоғары моральдық қасиетке ие. Заң үстемдігін жүзеге асыратын, қоғамдағы келеңсіздіктер мен дауларды заң жолымен реттейтін тұлға – судья. Судья лауазымының биіктігі қандай болса, оларға қойылатын талап та сондай қатаң әрі жоғары. Оның ішінде судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктері көбейіп, біліктілік талаптары қатаңдатылған.

Мемлекет атынан шешім қабылдап, сот төрелігін жүзеге асырушы судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының күшейтілуі заман талабы. Барлық елде судьялардан жоғары білім, өміртанымы, заңгерлік тәжірибесі, интеллектуалдық мүмкіндіктері сияқты өлшемдер талап етіледі. «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына сай, 30 жастан асқан, 5 жылдан аса заңгерлік қызмет өтілі бар, үш кезеңнен тұратын біліктілік емтиханынан өткен азаматтар судьялыққа кандидат бола алады. Судьяның кәсіптік қызметін «Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия» деп аталатын комиссия бағалайды. Бұл комиссия жас судьялардың алғашқы жылы жұмыс нәтижесі бойынша кәсіби қызметіне баға береді. Жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін бағалайды.

Судьялардың қызметіне бақылау жасау, оған баға беру, олардың тәртіптік жауапкершілігінің негіздері заңда көрсетілген. Егер судьялар көрсетілген заң нормаларын, судьялар әдебінің талаптарын бұзса, оларға тиісті тәртіптік шаралар қолданылады.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күнгі басты міндеттерінің бірі – әділ

сот жүйесін қалыптастыру, сот төрелігінің сапасын жақсарту, сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығына қол жеткізу және сот жүйесінің халық арасында беделін нығайту. Сот төрелігінің сапалы қызметі үшін бүгінде техникалық-материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстары 100% іске асырылған. Сот актілерінің деректер базасы жаңартылып отырады, оған тек судьялар ғана емес, сонымен бірге азаматтар да қол жеткізе алады. Халықаралық тәжірибе, озық технологиялар ескеріле отырып, сот ісін жүргізуді автоматтандыру жұмысы жалғасын таба береді.

Қазақстан конституциялық құрылым мен құқық жүйесін бекемдеуге баса назар аударады. Сот мәртебесінің биік болуы – бүкіл жүйенің, тіпті мемлекеттің айнасы. Өткен жылы Жоғарғы Сот еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жоба дайындап, Үкіметке жолдаған болатын. Үкімет басшысының 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен «24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» деп белгіленді. Бұл да сот мәртебесінің биік екенін көрсетеді. Алғаш рет аталып өткелі отырған төл мереке конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға ықпал етеді. Бұл мереке еліміздің судьялар қауымдастығына, сот қызметкерлеріне, доғарыстағы судьялар мен сот саласының ардагерлеріне ортақ.

Гүлмаржан ӘДІЛСҰЛТАНИ,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ТОПЖАРҒАН

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ
КӨПКЕ ҮЛГІ

Айтулы мереке қарсаңында алғашқы кезекте осы жүйенің қалыптасуына, әділдіктің салтанат құрып, халықтың сотқа деген сенімінің артуына өлшеусіз үлесін қосқан ардагерлерімізді дәріптеу – жас ұрпақтың бірден-бір міндеті деп есептеймін. Сондықтан мен өзім судья ретінде алғаш еңбек жолымды бастаған Шиелі аудандық сотын талай жыл абыроймен басқарған ардақты жан туралы жазуды өзіме парыз санадым.

Тұрмат Сәбекұлы Баймағанбеттің еңбек жолы 1964 жылы Шиелі аудандық сотының сот отырысының хатшысы болудан басталып, одан кейін сот орындаушысы, мемлекеттік нотариалды кеңсенің нотариусы қызметтерімен жалғасқан. Кейіпкеріміз алғаш 1986 жылы Қармақшы аудандық сотына судья болып сайланып, 1987–1996 жылдары Тереңөзек аудандық сотының төрағасы болып абыроймен қызмет атқарған. 1996 жылдан бастап 2007 жылға дейін өзі алғаш еңбек жолын бастаған Шиелі аудандық сотын басқарған. 2007–2008 жылдары Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында судья болып еңбек етіп, сол жылы отставкаға шыққан.

Көп жылғы маңдай тері мен адал еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып ардагер судьямыз Әділет министрлігінің грамоталарымен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Жоғарғы Соттың Құрмет грамотасымен, «Конституцияға 20 жыл» мерекелік медалімен, «Сот

жүйесінің ардагері» медалімен, «Судьялар одағының құрметті мүшесі» төсбелгісімен марапатталған. Сондай-ақ, Тұрмат Сәбекұлы судьялар үшін марапаттың ең биік шыңы болып табылатын «Үш би» төсбелгісінің иегері, Шиелі ауданының құрметті азаматы. Осы орайда Тұрмат ағайымыздың облыста бұл атақты иемденген алғашқы судья екенін атап өткен жөн. Ардагеріміз өзінің көп жылдық мол тәжірибесі мен білімін әлі де сот жүйесінің дамуына белсенді араласуы арқылы үлесін қосып келеді. Қазіргі уақытта жасы жетпіс алтыға келген ардақты жан Шиелі ауданы бойынша Билер кеңесінің төрағасы.

Аудандық сот судьяларымен бірге қоғамда дауласудың деңгейін төмендету мақсатында ел арасында береке-бірліктің, татулықтың орнауына барынша атсалысып, елді мекендерді аралап, татуластыру рәсімдерін кеңінен түсіндіруге қатысып жүргеніне куәміз. Жүйелі жұмыс өз нәтижесін беріп, аудан көлемінде даулар Билер кеңесінің қатысуымен екі тарапқа қолайлы шешімге келу арқылы өз шешімін табуға.

Тыныштық орнаған жерде береке, бірлік болатыны ежелден белгілі. Ал тыныштықтың жаршысы, бірліктің алтын қазығы билер десек қателеспейміз. Дала заңынан келе жатқан билер институтын қазіргі Билер кеңесі мен медиаторлар жалғастыруда. Тұрмат Сәбекұлының жеткен жетістіктері, бағындырған белестері өзінің мамандығына деген шексіз махаббаты, өмір жолында кездескен қиындықтарға мойымай, Ата Заңның шеңберінде адалдықты ту еткенінің жемісі.

Дана билердің ізін жалғаушы, тапқырлықтан тамыр тартқан, жат пен жақынды бөлмейтін, заңсыздыққа көнбейтін ардагер судьямыздың өнегелі өмірі жас ұрпаққа үлгі. Мерейлі мереке қарсаңында тұғыры биік тұлғаның мерейін асқақтатып, еселі еңбегін дәріптеу біз үшін үлкен мәртебе. Ақыл-кеңестің, үлгі-өнегенің сарқылмас кенішіндей болған ардагерімізге ғибратты ғұмырының ұзақ болуын тілейміз!

Әлия ТҮБЕКБАЕВА,
Жаңақорған аудандық сотының
төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҮЗДІК

ТӘЛІМГЕР МАМАН

Мемлекеттік қызметкер Мұғалжар аудандық сотының бас маманы Басыбаева Гүлмира Кадырбекқызы 1998 жылдың 9 наурызынан бастап сот саласында 24 жыл бойы қызмет істеп келеді. Балалық арманмен ол кісі Ақтөбе қаласындағы Орталық Азия университетіне «Құқықтану» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны аяқтағаннан кейін бірден сот саласына жұмысқа орналасқан. 1998–2011 жылдар аралығында Мұғалжар аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы, 2011 жылдан бастап осы соттың кеңсе бас маманы қызметін абыроймен атқаруда. Осы жолда өзін кәсіби маман ретінде танытты. Бүгінгі күні Гүлмира Кадырбекқызы сот саласындағы мықты мамандардың бірі. Ол кісінің еңбегі басшылық тарапынан үнемі еленіп, жоғары бағаланып отырады. Мәселен, кейіпкеріміз әр жылдары «Мұғалжар аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ-нің мадақтамасымен, Ақтөбе қаласы әкімінің Алғыс хатымен, Ақтөбе облысы бойынша Соттар әкімшісінің, Мұғалжар ауданы әкімінің Құрмет грамоталарымен және ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

Гүлмира Кадырбекқызы барлық кездері халықтың мүддесін жоғары қойып, қарапайымдылық, адамгершілік танытып, қай жұмысты атқарса да тез игеріп әрі қарай алып кететін тындырымды маман. Осы салаға келген жас мамандарға тәлімгер болып, білген тәжірибесімен бөліседі.

Мұғалжар аудандық соты
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚАЗЫНА

ҰЛТТЫҚ
БІРЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Мемлекеттік тіл азаматтық патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Тіл елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің тірегі. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, оның тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін терең тануға жол ашамыз.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы – мемлекеттік тілді меңгеру. Әркімнің тілге деген құрметін – азаматтық парызы өз анасына, өз ұлтына, Отанына деген құрметі деп білуге болады.

Қазақстанның жастары мынаны

білуі тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше мемлекеттік органдарда, сот саласында, құқық қорғау органдарында жұмыс жасау мүмкін болмайды. Мемлекеттік тілде түскен құжаттарға мемлекеттік тілде жауап беруге тура келеді.

Шалқар аудандық сотында барлық іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Тіл жөнінде іс-шаралар тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

Гүлбану ЕСЖАНОВА,
Шалқар аудандық сотының
кеңсе бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТҮЛПА

Абзал азамат, кәсіби маман, ардақты судья Рахманберді Ермахан Еркінұлы жақында алғыс үш жасқа толды. Мұндай мерейлі жасқа әркім-ақ келер дәрсіз. Дұрыс. Бірақ, азаматтың Шераға, Шерхан Мұртаза айтқандай тал түске келудің де өз мерейі бар. Үлкен белесті бағындырдың. Халқыңа қандай еңбегің сінді? Не істедің, не тындырдың? Ұстараның жүзіндей лыпылдаған қызметіңде бұра тарттың ба? – деген сұрақтар көлденеңдегенде Ермахан Еркінұлының өмір жолы жайлы сөз қозғағың келеді.

АҚИҚАТТЫҢ
АҚБЕРЕНІ

Сот саласындағы қызметін 1987 жылы Шымкент облысы Мақтаарал аудандық халық сотының сот орындаушысы болып бастаған Ерекең 1992 жылы Келес аудандық халық сотының судьясы, ал 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы, 1999–2005 жылдары ОҚО Әділет басқармасы бастығының орынбасары, облыстағы Соттар әкімшісі қызметтерін атқарған. 2005 жылы Елбасының жарлығымен Ордабасы аудандық сотының төрағасы, 2010 жылы Сарыағаш аудандық сотының төрағасы, 2015 жылы Шымкент қаласы Қаратау аудандық сотының төрағасы, ал 2020 жылдан бері Шымкент қаласы Еңбекші аудандық сотының судьясы болып қызмет істеп келеді.

Шымкент қалалық, Түркістан облыстық соттарында бірге қызмет еткен судьялар және бүгінгі күні өзімен үзегілес қызмет етіп жүрген әріптестері Ермахан Еркінұлын сот жүйесіндегі кәсіпкері, тәжірибелі судья және білікті басшы деп біледі. Сонымен бірге, сот саласындағы қызметінде талай жас буын судьяларды тәрбиелеген құрметті ұстаз.

Ермахан Рахманбердінің республикамызда сот төрелігінің шынайы-

лығын қалыптастыруға, сот жүйесін озық өркениетті елдердің деңгейіне көтеруге бағытталған мемлекеттік реформаларды жүзеге асыруға сипіріп жүрген еңбегі ерен. Оның оңтүстік өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі және сот жүйесіне сипірген еңбегі жергілікті соттар мен мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше медальдармен марапатталды. 2019 жылдың тамыз айында «Үш би» Құрмет белгісімен марапатталған.

Осылайша, сот саласында абыройлы қызмет етіп келе жатқан Ермахан Рахманбердіні білетін жұрт әділдіктің ақ алдаспанындай көреді.

Бүгінде баяғы білімі таяз соттардай әпербақандыққа салынып, «саған да он жыл, саған да он жыл» деп шүлен таратқандай соттай беретін заман өткен. Бүгінгі адал судья тергеуші мен прокурордың айыптауына құлап, ығына жығылмайды. Қылмыстық істі жүз екішеп, бір кеседі. Қылмыс жасағанның бәрін баскесер, қанды қол қылмыскер деп қарауға болмайды. Айналаға адалдығымен танылған, ала жіптен аттамайды деген адамның өзі аяқастынан торға шырмалып қалуы мүмкін. Заң талаптарын білмейтіндігі де опынды-

рады. Қайтпек керек. Прокурордың сұрап отырған жазасын беріп жіберсе өміріне қара балта шабылады. Түрме - адамды тәртіпке шақырғанымен мінсіз етіп шығаратын орын емес. Оның өз заңы бар. Шын мықты судьяның қайраткерлігі осындайда көрінеді. Ел аузында жүрген әңгімелерден судья Ермаханның осындай жайттарға келгенде жақсылық жағында болып, әділ таразылайтынын көп естідік.

Ермахан Еркінұлының осынау сын уақытта өз кәсібіне адалдығы, шын қылмыскер мен жазатайым отқа күйіп бара жатқандарды айыра білетіндігі, өз ісіне адалдығы сүйсіндіреді. Бүгінде Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев Жоғарғы Сотқа үлкен міндеттер жүктеп отыр.

Президентіміз талап еткен үдеден шығатын сот саласы қызметкерлерінің қатарында Ермахан Рахманбердідей азаматтар көп болса екен дейсің. Алпыстың үшінше шығып, ел ағасы атанған азаматтың артынан өзі сияқты әділдіктің ақ туын биікке көтеретін шәкірттері көбейе бергей.

Жанат САРБОВОВА,
Шымкент қаласы
Еңбекші аудандық сотының
бас маманы

КӨКЖИЕК

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ
САПАСЫ АРТТЫ

Сот жүйесі сот төрелігінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін республика бойынша барлық сот залдары дыбыс-бейнежазба құралдарымен жабдықталған. Сот отырыстарында дыбыс-бейнежазба құралдарын қолданғанда хаттама қысқаша жазылады ол таспамен қоса іс материалдарына тігіледі.

Сот отырысының тараптары дыбыс-бейнежазбамен танысуға құқылы. Сот тараптардың өтінішхаты негізінде жазбаның көшірмесін ұсынады. Іс жабдық сот отырысында қаралған жағдайда, сот отырысының жазбасы берілмейді, оларға тек сот отырысының дыбыс- бейнежазбасымен таныстыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі. Қылмыстық істер бойынша жазба көшірмесі сотқа өтінішхат келіп түскеннен бастап бес тәулік ішінде беріледі. Сот отырысының бұл

көшірмесін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша үш тәулік ішінде, ал азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа өтінішхат келіп түскеннен бастап бес күн ішінде беріледі.

Сот жүйесінде мұндай құралдарды қолданудың артықшылығы өте көп. Жазба құралдарын қолдану сот төрелігінің жұмысын жылдамдатып, сот өндірісін автоматтандырады және тиімді ете түседі.

Д.УРАЗАЕВА,
Орал қаласының мамандандырылған
тергеу сотының жетекші маманы

САПА

АЙТУЛЫ АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИС



Сот кабинеті – электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірінші терезе болып саналатынын, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервисің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ, істегі мәртебесін қарай алады.

Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды

сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат тұтына алады.

Бүгінгі күні қызмет көрсету үрдісін оңтайландыру мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде «Апостиль қою» функционалы іске қосылды. «Апостиль қою» функционалы арқылы сот актісін қолына алмаған азаматтар сот сотқа сот актісіннің көшірмесін қайта беру туралы электронды арыз бере алады.

Арызданушы бекіткен соң және мемлекеттік бажды төлегеннен кейін, сот апостиль қою үшін сот актісіннің көшірмесін облыстық (облыстық деңгейдегі қалалық) соттар әкімшісіне жібереді. Арызданушы құжат жіберіл-

гені туралы хабарламаны алғаннан кейін соттар әкімшісіне апостиль қою туралы арыз береді және мемлекеттік баж төлейді.

Арызданушы сот актісіннің көшірмесін қайта беру және сот органдарының ақпараттық жүйесі апостиль қойғаны үшін мемлекеттік бажды төлеген кезде төлем құжаты автоматты түрде қалыптастырылатынын ескерту қажет. Сонымен қоса, «Сот кабинеті» сервисін пайдаланушы мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеуге мүмкіндігі бар. Сот актісіннің көшірмесі түскеннен кейін соттар әкімшісінің жауапты тұлғасы оған қол қою және мөр қою арқылы оны апостильдейді.

Мемлекеттік қызмет көрсету үрдісін оңтайландыру ең алдымен, көрсетілетін қызметтің қолжетімділігін жоғарылатуға бағытталып отыр. Енді азаматтарға сот актісіннің көшірмесін алу және оған апостиль қою үшін қағаз тасығыштың сотқа келуі қажет емес. Электронды цифрлық қолтаңбасы бар және «Сот кабинеті» сервисінде тіркелген адам жер шарының кез келген нүктесінде бола тұра, апостиль қою туралы арыз бере алады.

Ж.УСПАНОВ,
Қызылорда облысы
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы

СЕМИНАР

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ МАҢЫЗДЫ

Байзақ аудандық сотының судьясы А.Телесбаеваның бастамасымен жақында семинар өткізілді. Шараға кеңсе меңгерушісі Е.Жақсыбаев пен мемлекеттік сот қызметшілері қатысты.



А.Телесбаева өзінің баяндамасын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі ақпараттан бастады. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қызметінің басым бағыты сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды көздейтінін атап айтты. Сондай-ақ, өз баяндамасында судья «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдарды егжей-тегжейлі түсіндірді. Сонымен бірге, мамандарды заңдарда көзделген құқықтар мен міндеттерді мұлтіксіз орындауға шақырды. Семинар соңында судья соттың мемлекеттік қызметшілерінің процесуалды емес байланысқа түспеуіне, сондай-ақ, процеске қатысушыларды мүдде жанжалына, арандатушылыққа жол бермеуге үндеді.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙТЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР БЕРІЛЕДІ

«2022–2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңдағы өзгерістерге сәйкес 1 сәуірден бастап: айлық есептік көрсеткіш – 3180 теңгеге (3063 теңге қаңтардан бастап), ең төменгі зейнетақы – 48032 теңгеге (46302), базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 20 191 теңгеге (19450), ең төменгі күнкөріс деңгейі – 37 389 теңгеге (36018) өсіп, ең төменгі жалақы 60 мың теңге көлемінде өзгеріссіз қалды. Сондай-ақ, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар да өсті. Мысалы, 1-топтағы мүгедекке берілетін жәрдемақы 69 155-тен 71 787 теңгеге өсті. Жаңа туған балаға берілетін біржолғы жәрдемақы 116 394 теңгеден 120 840-қа өсті. Төртінші балаға 192 969-дан 200 340 теңге болды. Бұдан бөлек осыған дейін тағайындалған жасына байланысты және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері мөлшері 4% артты. Оның мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 46 еселенген АЕК-тен аспауы керек, яғни 146 280 теңге. 2022 жылы 1 қаңтарда бұл көрсеткіш 140 898 теңгені құраған болатын.

– Алматы қаласы бойынша 231 740 зейнеткердің зейнетақы төлемдері, мүгедектігі бойынша 37660 және асыраушысынан айырылу бойынша 12571 адамның жәрдемақылары ұлғайды. Бүгінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар саны – 28677, көп балалы отбасылар саны – 26761, көп балалы аналар алқасымен марапатталғандар саны – 4982, бір жасқа дейінгі күтім бойынша жәрдемақы алушылар саны – 3153, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Фарид Бокжанова. Оның айтуынша, мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін әлеуметтік саладағы 44 мемлекеттік қызмет түрінің бәрін электронды түрде онлайн өтініш беруге болады. Ол үшін қызмет алушылардың ұялы телефондарының номері міндетті

түрде мобильді азаматтар базасына (МАБ) тіркелуі керек. Халық, Каспий банк бағдарламалары арқылы да бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы және бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін жәрдемақыға құжат тапсыруға болады. Көлемі ұлғайтылған барлық төлемдер сәуір және мамыр айларындағы қосымша төлемдермен бірге есептеліп, маусым айында берілетін болады.

Жалпы әлеуметтік сала бойынша берілетін төлемдер түріне: жасына байланысты зейнетақы (Мемлекеттік корпорация қызметкерлері үшін); мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі; мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (№1,2 Тізім бойынша еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр); МӘСҚ-тан төленетін әлеуметтік төлемдер (0701, 0702, 0703, 0704, 0705); арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар; бала туылуына байланысты бір реттік жәрдемақы; 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы; 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы; бала кезінде 1-топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамға берілетін жәрдемақы; «Алтын алқамен» марапатталған көп балалы анаға берілетін жәрдемақы; жерлеуге арналған біржолғы төлем; ай сайынғы төлем (регрессшілер); Семей ядролық сынақ полигонында зардап шеккендерге біржолғы ақшалай өтемақылар, айырманың біржолғы төлемі. Мемлекеттік кепілдік; жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы төлеу; экологиялық үстемеақылар (Семей ядролық полигонында тұратындарға); көп балалы аналарға 4 және одан да көп балаға төленетін жәрдемақы жатады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

«БІР ТАЛ КЕССЕҢ, ОН ТАЛ ЕК!»

Бүгінгі таңда әлем елдерін алаңдатқан негізгі мәселелердің бірі экологиялық проблемалар екені белгілі. Біздің елімізде де қоршаған табиғи ортаны қорғау мәселесі қозғалып келеді. Оның ішінде экологиялық қылмыстың қоғамға қауіптілігі мен алдын алу жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Экологиялық қылмыс дегеніміз қоршаған ортаға нұқсан келтіретін қылмыстың түрі.

Экологиялық қылмысқа экология тапаларының бұзылуы, сақталуға тиіс қауіпсіздік, ветеринариялық ережелердің, өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы, суды ластау, құрлықтың қайраңы және айрықша экономика аймағы туралы заңдардың бұзылуы, жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу, су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу, заңсыз аңшылық, жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз әрекет жасау, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы, экологияны ластау зардаптарын жою шараларын қолданбау жатады. Осы орайда, өзге елдердегі экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жауаптылыққа тарту тәжірибесіне назар аударсақ. Мәселен, Канада да қоршаған ортаны қасақана ластаған компания төлейтін айыппұлдың ең жоғары мөлшері 1000 мың долларды құраса, абайсызда ластағаны үшін 500 мың доллар. Ал, Польшада суды, ауаны, топырақты затпен немесе ионданы сәулендетін затпен ластағаны үшін 3 айдан 5 жылға дейінгі мерзімге, кейбір жағдайларда 6 айдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазалайды екен.

Біздің елімізде ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, балық ресурстарын, басқа да су жануарларын немесе өсімдіктерін заңсыз алу, заңсыз аңшылық, жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу, ветеринариялық қағидаларды немесе өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген қағидаларды бұзу, суларды ластау, қоқыстау немесе сарку, атмосфераны ластау секілді экологиялық қылмыстар жиі кездесетінін атап өткен жөн. Қылмыстық кодекстің 13-тарауы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтарға

арналған. Ақтау қалалық сотында Қылмыстық кодекстің 337-бабымен (заңсыз аңшылық), 339-бабымен (өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерінен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу) 2021 жылы 12 тұлға сотталып, 7 тұлғаға бас бостандығынан шектеу, 5 тұлғаға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Тағы бір айта кетерлігі, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық барысында заңсыз олжаланған өнімдер (андар, құстар, балықтар, ағаштар, бағалы аң терілері және жануарлар дүниесінің басқа да өнімдері) алынуға жатады. Алып қою мүмкін болмаған жағдайда оның құны жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлем ставкалары бойынша жауапкерден өндіріледі. Ал, олжаланған өнімді сатудан түскен сома шығынды өтеу есебіне жатқызылмайды, ол қылмыстық жолмен олжаланған мүлік ретінде құқық бұзушыдан өндіріледі не мемлекет кірісіне алынады. Заңсыз жолмен дайындалған сүректер немесе орман пайдалану өнімдерінің басқа да түрлері (шайыр, сүрек шырындары, екінші дәрежелі сүрек ресурстары) алуға және мемлекеттік мекеменің не тергеу орны немесе соттың істі қарау орны бойынша әрекет ететін заңды тұлғаның мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғат аумағы мекемесінің балансына берілуге жатады.

Ата Заңымызда Қазақстан азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті екені жазылған. Қорыта айтсақ, қоршаған орта біздің тіршілігіміздің басты өзегі. Дана халқымыз «Бір тал кессең, он тал ек!» – демекші қоршаған ортаның перзенті ғана емес, қамқоршысы екенімізді де ұмытпайық!

Гульфарус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ТАРАТУ

5. «Ақ-мол LTD» ЖШС, БСН 040240008297, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Жігітқара ауданы, Пригородное ауылы, теміржол вокзалы ауданы.

6. «Ассорти-С» ЖШС, БСН 160540023830, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ақан сері көшесі, 2.

БАНКРОТТЫҚ

2. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 08.06.2022 жылғы нұсқасымен (МАЭС), мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бегельдинов көшесі, 8, т.е.ж.1, БСН 120240017977, «РСМ Партнер» ұйымының банкроттығы туралы ісі қозғалды.

МҰРАҒЕРЛІК

8.07.12.2021 ж. қайтыс болған Уркимбаев Бейсембайдың мүліккіне мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерге Түркістан қаласының нотариусы Б.Д. Дахановаға хабарласуды сұраймын. Мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 278В.Тел.87014653617.

ӨРТҮРЛІ

3. Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 1 маусымдағы ұйғарымымен «Татстрой» ЖШС-не, БСН 070240008391, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды.

4. «ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің назарына! 2022 жылғы 27 мамырда болған акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары туралы хабарлаймыз. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар 1 343 030 акцияға иелік етуші акционерлер қатысты, бұл «ТрансОйл» СК» АҚ – ның дауыс беруші акцияларының жалпы санының 98,75% құрайды. Дауыс беру қорытындысы

№	Құн тәртібі Мәселелері	Жақтап	Қарсы	Қалыс қалған
1	«ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту	1 343 030	жоқ	жоқ
2	«ТрансОйл» СК» АҚ 2021 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту	1 343 030	жоқ	жоқ
3	«ТрансОйл» СК» АҚ 2021 жылғы таза табыс бөлу тәртібін бекіту және жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу (төлемей) туралы шешім қабылдау	1 343 030	жоқ	жоқ
4	«ТрансОйл» СК» АҚ 2022 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу	1 343 030	жоқ	жоқ
5	Акционерлердің «ТрансОйл» СК» АҚ және оның лауазымы тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарауды қорытындылары туралы	1 343 030	жоқ	жоқ
6	Акционерлердің «ТрансОйл» СК» АҚ 2022 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша түзектерін бағалау жүйесі коэффициенттерін тағдыр жайлы хабардар ету	1 343 030	жоқ	жоқ
7	Акционерлердің «ТрансОйл» СК» АҚ директорлар Кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен құрамы туралы хабардар ету	1 343 030	жоқ	жоқ

7. Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қ., Ф. Мүсірепов к.,38Г, 38Д және Северная 1А к-сі мекенжайында орналасқан астық қабылдау кәсіпорнын алдағы уақытта иеліктен шығару туралы «CenterProject» ЖШС хабарлайды.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

Біржан Отантайұлы КӨРІЖАНОВТЫ еске алу

Алматы қаласының сот жүйесі ауыр қайғыға ұшырады – 2022 жылғы 7 маусымда Алматы қалалық сотының судьясы Көріжанов Біржан Отантайұлы кенеттен қайтыс болды. Біржан Отантайұлы жоғары кәсіби және тәжірибелі судья бола жүріп, сот төрелігін, сүйікті кәсібін адал атқарды, елдің сот жүйесінің қалыптасуы мен дамуына, оның имиджін арттыруға елеулі үлес қосқан еді. Ұжымда Біржан Отантайұлы лайықты беделге және құрметке ие болды. Ол жоғары мәдениетті, адал және әдепті адам болған. Біржан Отантайұлы Судьялар одағы орталық кеңесінің құрамында белсенді қоғамдық жұмыстар жүргізді. Судьялық қызметті жүзеге асырудағы жоғары жетістіктері және әртүрлі жылдардағы кәсіби жетістіктері үшін бірнеше рет наградалармен және көтермелермен марапатталды. Судьялар қауымдастығының атынан Судьялар одағының орталық кеңесі марқұмның отбасына, туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады. Біржан Отантайұлының кәсіби төреші, тамаша адам және сенімді серік ретіндегі жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталды.

Маңғыстау облысының судьялар қауымдастығы мен Маңғыстау облысы бойынша Соттар әкімшісі Маңғыстау облыстық сотының судьясы Нұрсапа Маханбетұлы Примашевқа ағасы Нұрғазы Маханбетұлы ПРИМАШЕВТЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zangreklama@mail.ru
zangreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawl_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

КОДЕКС

«Тура биде – туған жоқ, туғанды биде – иман жоқ» деп той түйген бабалар сөзінің бүгінгі судьяларға берер тәрбиелік мәні мен тағылымы зор.

«ТУРА БИДЕ – ТУҒАН ЖОҚ...»



Қазақстанда сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз, олар Конституция мен заңға ғана бағынады. Конституциялық заңда көрсетілген осы нормалар судьяларға үлкен құзырет берумен қатар, зор жауапкершілік жүктейді.

ҚР судьяларының 2016 жылғы 21 қарашадағы VII съезінде судьялардың жүріп тұру қағидаттары мен қағидаларының Судьялар әдеби кодексінің қабылдауы уақыт талабынан туындаған маңызды міндет. Бұл кодекс елдің барлық судьяларына, сонымен қатар, отставкадағы судьяларға да қатысты қолданылады. Судья әдеби кодексі халықаралық нормаларға, басқа елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып әзірленген, бірақ өз салттарымыз, менталитетіміз, әдептілік пен адамгершілік пен ұлттық қабылдау ерекшеліктеріміз ескерілген.

Әдетте, судья тарапынан орын алған кез келген әрекеттер, теріс қылықтар сотқа жүгінген тараптардың наразылығын тудырады. Соның кесірінен қазының жоғары мәртебесін теріс пайдаланғаны туралы объективті емес пікірлер туындайды. Осыған орай, судьялар өзіннің әр қимылын, әрбір әрекетін, көзқарасын жіті қадағалап отырғаны дұрыс. Оның әдебіне қойылатын талаптар оның ұстамдылығы, мәдениеттілігі, байсалдылығы туралы ұғымдарды қамтуы шарт, бұл өз кезегінде судьяның адалдығын, туралығын және кәсібилігін білдіреді.

Судья өзінің кәсіби қызметінде және қызметтен тыс уақытта заңдарды, судья әдебінің кодексінің, жалпыға ортақ моральдық нормаларды сақтауға міндетті. Судья әдеби кодексі су-

дьяға қоғамның тарапынан айрықша көзқарасты білдіреді, моральдық құндылықтарға, оның жеке басына, тәртібіне биік талаптар қояды. Судьяның қызметтегі және қызметтен тыс уақыттағы тәртібінің ережелерін белгілей отырып, оның барша судьялық корпус құрамының кәсіби және адамгершілік, әдептілік тұрғыдан нығайтуының басты құралы ретінде қызмет етуі тиіс екеніне айрықша назар аударылған. Кодексте судьяның тәртібіне қатысты нормалар мен ережелер ғана емес, оларға шағым келтіру тәртібі де нақты белгіленген.

Судьялық әдеп кодексімен белгіленген талаптарды қатаң сақтау сот жүйесінің беделін арттырып, халықтың сот органдарына деген сенімін нығайтатын анық. Сот жүйесіне жасалған реформалар өз жемісін беріп келеді. Десе де сот жүйесіне жасалатын жаңашылдықтар жалғаса бермек. Сот реформасы соттың барлық жағдайларын өзгертуге, судьялардың тәуелсіздік кепілдігін конституциялық тұрғыда бекітуге, судья мәртебесін биіктетуге бағдарлануы сот сипаттамаларын ғана емес, сонымен қатар, судьялардың өздерінің де сана-сезімдерін өзгертуге бағытталған.

Ойымызды түйіндей келе, Судья әдеби кодексі бүгінгі таңдағы қоғамның судьяларға, олардың моральдық сипатына қоятын талаптарына сай және сот билігі мен судьяның қоғам алдындағы беделін нығайтуға ықпал ететін құжат болып есептеледі.

Жаркынай КУНАЕВА,
Мұғалжар аудандық №2
сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ГЕНДЕР

КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік қағидаларын іске асыру мақсатында, 2015 жылы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» бекітілді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидалары ерлер мен әйелдердің құқықтық теңдігін орнатады, бұған ҚР Конституциясымен кепілдік берілген. Қазақстанның барлық заңнамалары ерлер мен әйелдер арасындағы нақты теңдікті белгілейді. Мысалы, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 12-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру кезінде жынысына байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілік белгілеуге жол берілмейді.

Қазір қазақстандық әйелдер қоғам өмірінің барлық салаларына, соның ішінде саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге тең жағдайда қатысады.

Республикада гендерлік теңдік гендерлік саясат саласындағы атқарылып жатқан жұмыс демократиялық және құқықтық мемлекет құруға мүмкіндік туғызады.

А.НҮРБОЛАТҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы кәсіпкерлер қорының
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының кенес басшысы

КИЕ

Конституцияның 7-бабында мемлекеттік тіл – қазақ тілі, алайда мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады делінген. Бұл норма еліміздің көп ұлтты мемлекет және көпшілік қауымның қолданыстағы тілі орыс тілі екендігінің тағы бір дәлелі. Жалпы, мемлекеттік тіл мен ресми тіл ұғымының айырмашылығына тоқталып өтсек.

«Тіл туралы» заңда ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі және бұл мемлекеттік тіл еліміздің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі деп көрсетілген.

Заң ережелері мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданатынын, қажет болған жағдайда басқа тілдерге аударылуы немесе Қазақстанда ресми тіл ретінде бекітілген орыс тілінде әзірленуі көздейді. Құжаттама жүргізу тіліне қатысты да дәл осындай ережелер заңда бекітілген.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізу тілі ретінде қазақ тілі танылады. Заңда қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде табыс

СТАТИСТИКА
КӨҢІЛ КӨНШІТпейді

етілуге тиіс құжаттарды табыс етеді. Бұл ретте қылмыстық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, қуәландырылған көшірмесі қоса беріледі делінген. Демек, қылмыстық процесс жүргізу тілін анықтау алдын ала тергеу амалдарын жүргізуші органға жүктеледі. Яғни, іс материалдары қандай тілде әзірленсе, сот ісін жүргізу тілі де сол анықталған тілде болмақ. Алайда, бұл норма сотқа қатысушы тараптардың тілге қатысты құқығын шектейді деген ұғым емес. Себебі, заңға сәйкес іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктемелер және айғақтар беру, өтінішхаттар мәлімдеме, шағымдар келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, заң нормаларымен белгіленген тәртіппен аудармашының қызметтерін тегін пайдалана алады. Ол үшін аудармашының қызметі қамтамасыз етіледі.

Президент «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңнің келетінін айтып өтті. Тіл мәртебесін

нығайту бағытында да айқындалған міндеттер алға қойылды.

Үкіметтің қаулысына сәйкес Қазақстандағы тіл саясатын іске асырудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Бағдарламаның сот ісін жүргізуге қатысты бөлігінде бүгінгі күні республика соттарында қазақ тілінде қаралатын істердің саны төмен деңгейде екені көрсетілген. Және сот процестеріне қатысуға тартылатын білікті аудармашылар санының жетіспеушілігі тағы бар. Аталмыш құжатта құқық қорғау органдарында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері де берілген. Ол бойынша халықтың 8%-і «тек қазақ тілін қолданамын» және 25,8% «көп жағдайда қазақ тілін қолданамын» деп жауап берген. Өкінішке қарай, бұл статистикалық көрсеткіштер құқық қорғау саласында қазақ тілінің тиісті деңгейде қолданылмайтынын сипаттайды.

«Көп болып көтерген жүк жеңіл» демекші, еліміздің әрбір азаматы ана тілін үйренуге талпынып, тіл мәртебесін жоғарылатуға атсалысса тіліміздің өлмесі, халқымыздың ұлт ретінде құлдырамайтыны анық.

Қанат АРИНОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Алматы
ауданының №2
сотының судьясы

ПӘРМЕН

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК БІРТҰТАС

Конституцияда мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді деп баяндалған. Билікті бір-бірінен тәуелсіз, дербес тармақтарға бөлу қағидағы демократиялық құқықтық мемлекет құрудың бірден бір көрінісі. Мемлекеттік билік тармақтары тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінде өзара іс-қимыл жасау принципіне негізделеді.

Сот билігі – Қазақстан Республикасы атынан сот төрелігін жүзеге асыратын, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституция заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет ететін мемлекеттік биліктің дербес әрі тәуелсіз тармағы.

Соттың заң шығарушы билік тармағынан ерекшелігі сот биліктің заң шығарушы тармағынан заң шығарушылықпен айналыспайтындығымен ерекшеленеді. Дегенмен, сот билігі нақты заң шығару процесіне қатысты белгілі бір уәкілеттіктермен қамтылған.

Мысалы, соттар Конституцияда көрініс тапқан азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар немесе басқа да нормативтік құқықтық актілер анықталған жағдайда, өндірісіндегі іс жүргізуді тоқтатып, Конституциялық Кеңеске актіні Конституцияға сай емес деп тану туралы ұсыныспен жүгіне алады. Оз кезегінде заң шығарушы орган – Парламент Сенаты Жоғарғы Соттың судьялар корпусын қалыптастырады, оларды қызметінен босату немесе жауаптылыққа тарту бойынша мәселелерді қарайды, сондай-ақ, рақымшылық жасау мәселесін шешеді. Сот қызметінде Конституцияны және заңдарды басшылыққа алады және жүзеге асырады, ал сот қабылдаған актілер республиканың бүкіл аумағында,

оның ішінде екі билік тармағы үшін де міндетті болып табылады, олар сот актісін өзгертуге немесе күшін жоюға құқылы емес.

Соттың атқарушы билік тармағынан ерекшелігі және өзара ықпалдастығы. Атқарушы билік тармағы ұйымдас-тырушылық, атқарушылық-өкімдік қызметтерді жүзеге асырады. Сот билігі ерекшеліктерінің бірі, заң нормаларын орындап қана қоймайды, уәкілеттігі шеңберінде нормативтік құқықтық актілер шығара алады, сондай-ақ, заң шығарушылыққа бастама жасауға құқылы. Бұл, негізінен, аталған билік тармағының көпфункционалдылығымен байланысты, себебі, әр түрлі мәселелер бойынша өз бастамасымен дереу шешім қабылдауды қажет етеді. Басқа билік тармақтарына ресурстық мәселелерге байланысты біршама ықпалды әсер ете алады. Сондықтан, оның тежемелілігі уәкілетті органдар алдында есептілігімен және жауаптылығымен жүзеге асырылады. Өз кезегінде соттар нақты істер бойынша атқарушы органның, лауазымды тұлғаның әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне келтірілген шағымдарды қарау арқылы, бұл билік тармағының қызметіне белгілі бір дәрежеде бақылау жасайды. Қазіргі уақытта, бұл әкімшілік әділет институтында жарқын көрініс тауып отыр.

Тармақтарға бөліну биліктің толықтай бөлінуі болып саналмайды, себебі, Конституцияға сәйкес біртұтас мемлекеттік билік институты орнатылған, яғни билік тармақтары ықпалдастық, бағыныштылық және тежемелік қағидаларына негізделіп, өзара келісімде қызмет атқаруға бағытталған. Бұл билік тармақтарының функционалдық қызметтері шеңберінде ажыратылуы болып табылады, сондықтан, биліктің біртұтастығын жоймайды.

Тежемелік әрі тепе-теңдік принципі мынадан көрініс табады: біріншіден, әрбір тармақтың қызмет ету шеңбері шектелген, яғни, әр тармақ өз уәкілеттігінде ғана қызмет атқарады және басқа тармақтың жұмысына араласуға құқығы жоқ. Екінші жағынан,



Еділ ҚУДАЙБЕРГЕН,
Хромтау аудандық сотының
судьясы

тармақтың әрқайсысы басқа екі билік тармағын өздерінің қызмет шеңберінен шықпауын қадағалауға әрі тежеуге мүмкіндік беретін заңды уәкілеттіктерге ие.

Жалпы, билік тармақтарының өзара әрекеттестігі күрделі әрі жауапты процесс. Сот заң шығарушымен қабылданған заң нормасы шеңберінде қызмет етеді, оның заң шығарушы орган секілді сайлаушылары немесе атқарушы билік-тегідей күштік механизм жоқ. Дегенмен, сот қоғамда болып жатқан әлеуметтік процестерге ықпал ететін қабілеттер мен мүмкіндіктерге ие. Сот өз үкімімен, шешімімен немесе қаулысымен қоғам өкілдеріне тәрбиелік ықпал ете алады. Сонымен қатар, сот тәжірибесінде заңнамадағы кемшіліктер анықталып, салдарынан жаңа заңдар қабылдауға немесе өзгерістер мен толықтырулар енгізуге деген қажеттіліктер туындап жатады, осыған байланысты, заң шығарушы органмен сот тәжірибесін негізге ала отырып, қабылданатын нормативтік құқықтық актілер қалыптасады. Осы тұрғыда 2019 жылдың қаңтар айынан бастап ағымдағы жылдың ақпаны аралығында барлығы 30-ға жуық заңнама қабылданып, қолданысқа енгізілгені назар аудартуға жатады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №81 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31